

**2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қазандағы № А-10/1847 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қазанда № 4423 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № А-11/1923 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 10.11.2015 № А-11/1923 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Көкшетау қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылған деп т а н ы л с ы н :

«2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» 2014 жылғы 21 ақпандағы № А-2/368 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4034 болып тіркелген, 2014 жылдың 27 наурызындағы «Степной маяк» және «Көкшетау» газеттерінде жарияланған );

«Көкшетау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 ақпандағы № А-2/368 «2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2014 жылғы 7 тамыздағы № А-8/1459 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4346 болып тіркелген, 2014 жылдың 25 қыркүйегіндегі «Степной маяк» және «Көкшетау» газеттерінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Б.Әміреноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы 2014 жылғы 1 сәуірде туындаған құқықтық қатынастарға т а р а й д ы .

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көкшетау қаласы әкімінің  
міндетін атқарушы А.Смайылов

Көкшетау қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы 16 қазандағы № А-10/1847  
қаулысымен бекітілген

**2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Елді пунктіннің атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны				Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басын шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)			
	Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық		Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық	
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
Көкшетау қаласы	1830	745	100	0	22380,20	20733	15905,80	0

**кестенің жалғасы**

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-аналардың бір ай төлемінің ең жоғары мөлшері (теңге)			
Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық		Балабақша		Күндіз толық қатынайтын шағын орталық	
мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
22380,20	20733	15905,80	0	10788,80	18094,80	10788,80	0